

8D09102- «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шеримова Сауле Курмановнаның «Вермиком» азықтық қоспасын ірі қара рационында пайдалану кезінде сүт және сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық бағалау тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|--|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Диссертациялық жұмыс келесі бағдарламалар аясында орындалды:</p> <p>Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «Гранттық қаржыландыру № АР 05135439 «Ветеринарно-санитарный контроль мониторинговая оценка миграции тяжелых металлов в пищевой сети "вода-почва-корма-продуктов» ғылыми жоба аясында орындалды (2018-2020 жыл).</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Докторанттың орындаған ғылыми жұмысы ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша жергілікті минерал –вермикулит негізінде «Вермиком» азықтық қоспасы пайдаланылған сиыр сүтінің минералды және |

| | | | |
|----|----------------------|--|---|
| | | | <p>аминқышқылдық құрамына, қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, сүттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына оң әсер ететіндігі және оны негізгі рационының құрамына қолдануға болатындығы анықталған.</p> |
| 3. | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | <p>Өзі жазу деңгейі жоғары. Орындалған диссертациялық жұмыс ғылыми тілде жазылған. Жұмыстың нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме бар</p> |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | <p>Негізделген. Диссертацияда зерттеу жұмысының өзектілігі толығымен ашылған, себебі бүгінгі таңда адамдар пайдаланатын мал шаруашылығы өнімдерінің сапалы, қауіпсіз болуы үшін дұрыс ветеринариялық-санитариялық сараптау жұмыстарын ұйымдастыру өзекті мәселе болып табылады.</p> |
| | | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды | <p>Айқындайды. Диссертация тақырыбы «Вермиком» азықтық қоспасын ірі қара рационында пайдалану кезінде сүт және сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық бағалауболса, осы сұрақтар толықтай диссертация мазмұнында ашылған.</p> |
| | | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; | <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты - «Вермиком» азықтық қоспасын қолданған кездегі сүт және сүт өнімдерінің сапасын ветеринариялық-санитариялық бағалау. Осы</p> |

| | | | |
|----|----------------------------|---|--|
| | | 3) сәйкес келмейді | мақсатқа жету үшін анықталған міндеттер толығымен сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен ұштасып, бір логикалық жүйеге жинақталып, өзара тығыз байланысқан. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Сыни талдауы бар. «Вермиком» азықтық қоспасының сиыр сүтінің минералды және аминқышқылдық құрамына, қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, сүттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына әсері анықталған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Жартылай жаңа. Бұрын сиырлардың азығына қолданылмаған жергілікті вермикулиттің күнбағыс күнжарасын сақтау кезіндегі сапасы мен технологиялық көрсеткіштеріне әсері анықталды, бактериялармен ластануына әсері зерттелді. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Толығымен жаңа. Алғаш рет сиыр сүт өнімдерін жақсартуға арналған «Вермиком» азықтық қоспаның сиыр сүтінің минералды және аминқышқылдық құрамына, қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, сүттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына |

| | | | |
|----|--|--|---|
| | | | әсері, зертханалық жануарларға токсикологиялық әсері, қауыпсіздігі анықталған. «Вермиком» азықтық қоспасын қолданған кезде қандағы гемоглобиннің мөлшері бақылау тобымен салыстырғанда 5,75% жоғары, эритроциттердің мөлшері 8,9% артық болды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Жүргізілген жұмыс нәтижесіндегі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеулер нәтижесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Ғылыми нәтижелердің логикалық байланысы және ғылыми тұрғыда құндылығы бар. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; | Қорғауға шығарылған әрбір қағидат докторанттың зерттеу нәтижелерімен дәлелденген, ғылыми мақалаларында жарияланған. Қағидаттарды қолдану деңгейі ауқымды, себебі диссертант өзінің ғылыми |

| | | | |
|----|--|--|--|
| | | <p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>жұмысында алғаш рет «Вермиком» азықтық қоспасының сиыр сүтінің минералды және аминқышқылдық құрамына, қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, сүттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына әсерін анықтады. Диссертациядағы нәтижелерді сүтті шаруашылықтарда сиырлардың негізгі рационының құрамына қолдануға болады.</p> |
| 8. | <p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> | <p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Ия. Әдістеменің тандауы негізделген және диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты мен міндеттері нақты жазылған. Ия. Диссертация жұмысының нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған, Азық пен сүт үлгілерінің құрамындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерін анықтау жұмыстары nova350 атомды-абсорбционды спектрометрінде (Analytikjena, Германия) жүргізілген, қанды зерттеу жұмыстары, яғни эритроциттердің, лейкоциттердің және гемоглобиннің санын</p> |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | | <p>анықтау BC-2900 VetPlus («Mindray», Қытай) ветеринарияға арналған автоматты гематологиялық анализаторда жүргізілген, қан сарысуындағы каротин мөлшері фотометриялық әдіспен анықталды. Жалпы ақуыз мөлшері ИРФ-454 Б 2М («НВ-ЛабКазахстан» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан) рефрактометрiнiң көмегімен рефрактометриялық әдіс арқылы анықталған, бейорганикалық фосфордың мөлшері зертханалық медициналық BioChemSa («HighTechnology, Inc.», фирмасы, АҚШ) фотометрімен анықталды. Глюкозаны анықтау үшін «Глюкоза-АГАТ» глюкоза оксидаза әдісіне сәйкес биологиялық сұйықтықтардағы глюкозаны анықтау үшін реагенттер жиынтығы («АГАТ-МЕД» ЖШҚ, Мәскеу, Ресей) қолданылған.</p> |
| | | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ | <p>Ия. Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары эксперименттік зерттеулер нәтижелерімен дәлелденген.</p> |
| | | <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен</p> | <p>Диссертациялық жұмыстағы мәлімдемелері маңызды әрі нақты және сенімді.</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|--|---|
| | | расталған / ішінара расталған / расталмаған | Диссертациялық жұмыс отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттеріне сілтемелер жасау арқылы расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде қамтылған, диссертацияда 302 дереккөздер берілген, оның ішінде отандық ғалымдардың еңбектері - 138, алыс шетелдік ғалымдардың еңбектері -91, ТМД ғалымдарының еңбектері – 73. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ | Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі алғаш рет алғаш рет «Вермиком» азықтық қоспасының сиыр сүтінің минералды және аминқышқылдық құрамына, қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, сүттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына әсерін зерттеген. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ | Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Қазақстандық минерал-вермикулит негізінде «Вермиком» азықтық қоспасын әзірлеу және оны сүт бағытындағы сиырлардың рационына қосып азықтандыру кезіндегі сүттің сапасы ветеринарлық-санитариялық сараптау болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелеріне сәйкес сиырлардың негізгі рационына «Вермиком» азықтық қоспасын 2-4% мөлшерде қолдану |


| | | | |
|-----|---------------------------|--|---|
| | | | ұсынылған. Сонымен қатар, «Вермиком» азықтық қоспасын жануарлардың ағзасындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерін шығаруда қолдануға болатын адсорбент ретінде пайдалануға болатындығы дәлелденген. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңаемес (25% кем жаңаболыптабылады) | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне терең талдау жүргізілген. Қорытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған. |

Шешім: Шеримова Сауле Курмановнаның 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуын ұсынамын.

Ресми рецензент,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институтының директоры, ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор:



[Handwritten signature]



Б.Е. Нурғалиев